

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара берешегінің ішкі республикалық есебін өткізу нәтижелері бойынша ресімделген мерзімді айналым вексельдерін өтеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 24 ақпандағы N 205. Күші жойылды - Қаулының күші 1995 жылғы 5 сәуірден бастап жойылған деп есептелді - ҚРҰ-нің 1998.12.03. N 1226 қаулысымен. ~P981226

"Кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара берешегінің ішкі республикалық есебі бойынша есеп айырысуды аяқтаудың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 5 сәуірдегі N 1641 U941641_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара берешегінің ішкі республикалық есебін өткізу нәтижелері бойынша ресімделген мерзімді айналым вексельдері 1995 жылға арналған республикалық бюджет есебінен өтеледі деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі әзірлеген және Ұлттық Банкімен келісілген кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара берешегінің ішкі республикалық есебі арқылы түскен қаражаттың орнына берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мерзімді айналым вексельдерін сатып алу тәртібі туралы ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

мерзімді айналым вексельдерін Қазақстан Республикасы Президентінің жоғарыда аталған Жарлығында белгіленген мерзімде өтеуді қамтамасыз етуге қажетті шаралар қабылдасын;

жоғарыда аталған вексельдерді өтеу нәтижелері бойынша пайда болған директивтік кредиттерге қатысты міндеттемелерді реттеу жөнінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім жасасын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 24 ақпандағы

№ 205 қаулысымен
бекітілген

Кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара берешегінің
ішкі республикалық есебі арқылы түскен қаражаттың
орнына берілген Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің мерзімді айналым вексельдерін
сатып алу тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1995 жылдың 1 ақпаннан бастап шаруашылық жүргізуші субъектілерге олардың өзара берешегінің ішкі республикалық есебі бойынша өздерінің кредиттік қаражаттары қалдықтарының орнына 1994 жылы ресімделген мерзімді айналым вексельдерін сатып алады. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің мерзімді айналым вексельдерін сатып алудың ретін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейді.

Мерзімді айналым вексельдері вексельдің шығарылған (сатып алған) кездегі нақты бағасының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің бағамы бойынша есептелген доллар баламасында жылына 3 процент өсім қоса отырып, сатып алынады. Қосылған проценттерін қоса алғанда, төлеуге жататын мерзімді айналым векселінің долларлық баламасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1995 жылдың 1 ақпанындағы бағамы бойынша теңгеге аударылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мерзімді айналым вексельдерін сатып алуға және сақтауға келісім жасасқан шаруашылық жүргізуші субъектілер аудандық (қалалық) қаржы бөлімдеріне мерзімді айналым вексельдерін сатып алуға және сақтауға жасасқан келісімдерінің өздеріндегі данасын және қызмет көрсететін банктер, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің есеп айырысу-касса орталықтары және салық инспекциялары растаған белгіленген нысандағы есептесу қағазын ұсынады. Есептесу қағазына республикалық және жергілікті бюджеттер мен олардың баптары тұрғысынан алғанда 1995 жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша жалпы республикалық реттеуші салықтар жөнінде бюджетке төлем жасау берешегі және олардың Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеттік несиелері, директивтік кредиттері бойынша, "1994 жылы ауыл шаруашылық кәсіпорындарына көмек көрсету туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 24 ақпандағы № 1578 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж.,

96-бап) сәйкес еңбекақы төлеуге және "Кәсіпорындар мен ұйымдарға өз меншігіндегі айналым қаржыларын толықтыруға бөлінген кредиттерді бөлу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 қаңтардағы N 19 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 1, 17-бап) сәйкес өз меншігіндегі айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттер бойынша, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілер Үкімет кепілдігі бойынша алған, қосылған проценттерімен бірге есептегендегі шетелдік кредиттер бойынша есептелген өсімдерімен алынған мәліметтер кіреді. Есептесу қағазы 10 дана етіліп жасалады және оны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткеннен кейін, бухгалтерлік операциялар жасауға негіз болады.

Есептесу қағазын тексеруде аудандық (қалалық) қаржы бөлімдері тауарсыз аударымдардан, тауарлар мен қызмет көрсетуге алдын ала ақы төлеуден түскен бақылаушы органдардың тексерісі кезінде белгілі болған кредиттік сомаларды алып тастайды.

Тауарсыз аударымдар немесе тауарлар мен қызмет көрсетулерге алдын ала ақы төлеу бойынша қаражат түскен фактілер қосымша анықталған кезде акт жасалады, ол есептесу қағазымен бірге Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне белгіленген тәртіппен мерзімді айналым вексельдерінің күшін жою үшін жіберіледі.

Вексельдерді сатып алу жөніндегі есептесу қағазының негізінде аудандық (қалалық) қаржы бөлімі мерзімді айналым вексельдері сатып алуға жататын шаруашылық жүргізуші субъектілердің тізімін қызмет етуші банктер тұрғысынан олардың есеп-шоттарын көрсете отырып жасайды және оны әр күн сайын облыстық қаржы басқармаларына беріп отырады. Облыстық қаржы басқармалары 10 күн сайын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне вексельдерді бір орталықтан сатып алу үшін төлем жасау есебімен бірге жиынтық тізбе беріп отырады.

Мерзімді айналым вексельдерін сатып алу және сақтау келісімдерімен ресімделмеген кредиттік түсімдердің қалдықтарын шаруашылық жүргізуші субъектілерге қайтару тәртібі шаруашылық жүргізуші субъектілермен ресімделген келісімдер бойынша мерзімді айналым вексельдерін толық сатып алу аяқталғаннан кейін белгіленеді.